

## **Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсан N 1828

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мекемелердің алған нан мен жылу қуаты үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен мемлекеттік ресурстардан босатылған 1994 жылғы егін орағының астығы үшін ақы төлеу бойынша республикалық бюджетке берешегі бар акционерлік қоғамдар арасында мынадай мөлшердегі: "Аягөз-Астық" бойынша - 10,5 миллион (он миллион бес жүз мың) теңге; "Жаңғызтөбе - Астық" бойынша - 5,5 миллион (бес миллион бес жүз мың) теңге сомасындағы берешекке бір жолғы есептеу жүргізсін. "Аягөз-Астық" және "Жаңғызтөбе - Астық" акционерлік қоғамдары жүргізілетін есептеу мөлшерінде Семей облысының қылмыстық-атқарушы жүйесі мекемелерінің берешегін мынадай мөлшерлерде: алынған нан үшін Семейдің "Нан" акционерлік қоғамына - 9 (тоғыз) миллион теңге сомасында, жылу қуаты үшін "Алтайэнерго" өндірістік-энергетикалық бірлестігінің Семей Жылу энергетика орталығына 7 (жеті) миллион теңге сомасында жоятын болсын.

16 (он алты) миллион теңге мөлшеріндегі аталған сома Семей

облысының қылмыстық-атқарушы жүйесі мекемелерінің нан мен жылу қуаты үшін берешегін өтеуге Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігін қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. Берешекті есептеу 1995 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша, аталған сомаларды республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК